

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

эл.почта: kogamdykkenes@bk.ru

тел: 7(7122)354578

Атырау қ.Әйтеке би көшесі, 77

ШЫҒЫС № 144

ИСХ. №

«04» тамаз 2022 ж./г.

Атырау облысының әкімі
С.Шапкеновке

Құрметті Серік Жамбылұлы!

Өзіңізге белгілі, ағымдағы жылдың 27 шілдесінде Атырау мұнай өңдеу зауытында авария орын алған болатын.

Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің «Экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелер жөніндегі» комиссиясы ағымдағы жылдың 29 шілдесі күні Атырау мұнай өңдеу зауытында барып, зауыттың бас директоры М. Досмұратовпен кездесті.

Кездесу қорытындысы бойынша комиссия мүшелері ұсыныстарын жолдады. (жалғанды)

Ағымдағы жылдың 02 тамызы күні Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Н.Жантоқов, Экология департаментінің басшысы Ә. Бекмұхамбетов, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы М.Танауовтың, кеңес мүшелері және азаматтық белсенділердің қатысуымен кездесу өткіздім.

Кездесуде бүгінгі күні әлеуметтік желілерде халық наразылығын тудырып жүрген, қалада жиі-жиі түн мезгілдерінде шығатын жағымсыз иіс, Атырау мұнай өңдеу зауытында орын алған авария және осы авариядан қала тұрғындарына, қоршаған ортаға келтірілген зиянның қандай көлемде екендігін анықтау қажеттігі, қалада ауа ластағыш кәсіпорындардың бүгінгі күнге дейін тізімінің қалыптаспағаны, орын алған апат бойынша кеңес мүшелерінің ұсыныстары тыңдалды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында, энергетикалық қауіпсіздікті қалыптастыру мәселесіне тоқталып, мұнай өңдеу зауыттарына жүргізілген тексеру бойынша Атырау мұнай өңдеу зауытында 2020-2021 жылдары жұмыс 372 рет жоспарсыз тоқталғанын атап өтті.

Бүгінгі таңда мұнай өңдеу зауытының жұмысы қала тұрғындарының орынды наразылығын туғызуда.

Жамбылұлы 04.08.22
Жамбылұлы

Осыған орай, облыстық қоғамдық кеңесі мүшелері мен азаматтық белсенділердің ұсыныс-пікірлерін қорытындылап, төмендегі ұсыныстарды Сіздің қарауыңызға жолдаймын:


1. Кеңес мүшелері және қоғам белсенділерінің зауыттың бас директоры М.Досмұратовпен болған кездесуінде қабылдаған ұсыныстарын қаперіңізге алуға (жалғанды);

2. АМӨЗ-де орын алған апаттық жағдайға байланысты, өндірістік техникаларының жиі бұзылуы салдарынан, қоршаған ортаға және қала тұрғындарының денсаулығына тигізген зиянына байланысты облыс басшылығының қабылдаған шаралары туралы жариялауды;

2. Облыс әкімі жанынан тиісті мемлекеттік органдарды, мәслихат депутаттарын, қоғамдық кеңес мүшелері мен азаматтық белсенділерді тарта отырып аварияның қоршаған ортаға және қала тұрғындарының өміріне келтірген зиянын және жалпы АМӨЗ-дің, сонымен қатар басқа да қоршаған ортаны ластаушылардың Атырау қаласына тигізіп отырған әсерін анықтау мақсатында ұсыныстар дайындау үшін комиссия құру ұсынылады. (Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша комиссияға енгізілетін тізім жобасы қарауыңызға жолданады, жалғанды).

Қосымша- 6 парақта

Кеңес төрағасы



М. Избасов

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ПЕН ҮЕҰ АМӨЗ БАС ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

ҚМГ және АМӨЗ үшін:

1. Атырау қаласы тұрғындарының қауіпсіздігі бағдарламасын АМӨЗ зауытымен әзірлеу;
2. Қауіпсіздік бағдарламасын Атырау қаласының тұрғындарымен талқылау;
3. Қауіпсіздік бағдарламасын іске асыруды қаржыландыру;
4. АМӨЗ зауытының тәуекелдерді басқаруын әзірлеу, егер бар болса, Атырау қаласының тұрғындарына таныстыру. Тәуекелдерді басқаруға ықтимал тәуекелдерді және олар үшін Атырау қаласының тұрғындарына өтемақыны енгізу;
5. Атырау қаласы тұрғындарының, әсіресе жақын маңдағы үйлердің денсаулығына апаттық шығарындылардың әсерін зерттеуді қаржыландыру және халықтың денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру;
6. Атырау қаласының атмосфералық ауасын кешенді зерттеуді қаржыландыру және осы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
7. Зауыттың Атырау қаласы халқының денсаулығына оның қызметі нәтижесінде тигізетін әсерін зерттеуді қаржыландыру;
8. Осы зерттеулердің негізінде талдау жүргізу және Атырау қаласының тұрғындарына экологиялық ерікті өтемақының жоспарын әзірлеу;
9. Облыс әкімдігімен, экология Департаментімен бірлесіп Атырау қаласының тұрғындары үшін қолжетімді ластағыштардың онлайн картасын әзірлеу;
10. Орын алған аварияға байланысты СҚА-ны ұлғайту мәселесін зерделеу;
11. Зауыт жанынан оның қызметіне тәуелсіз бақылау жүргізетін тәуелсіз қоғамдық экологиялық кеңес құру;
12. КЕГОКҚА тәуелсіз баламалы электр желісін пайдалануға енгізуді жеделдету;
13. Осы ұсыныстарды және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша бұрын алынған міндеттемелерді орындау бойынша зауыт қызметі туралы тоқсан сайын есеп жүргізу;
14. ТЖ-мен бірлесіп АМӨЗ-де авариялық жағдайлар кезінде хабарлау схемасын әзірлеу;

Атырау әкімдігіне, экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне, басқа да бақылаушы органдарға, депутаттарға ұсынымдар:

1. АМӨЗ зауытындағы аварияның нәтижелерін тексеру жөніндегі комиссияға анықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін облыстық Қоғамдық кеңес жанындағы жұртшылық өкілдері мен экология жөніндегі комиссия мүшелері енгізілсін;
2. 2022 жылдың соңына дейін АМӨЗ-мен бірлесіп Атырау қаласы мен Атырау облысының ластауыштарының онлайн картасын жасау. Осы картаны әзірлеуге басқа да ірі компанияларды тарту;
3. Атырау қаласы мен Атырау облысының барлық тұрғындарын ТЖ мен экологиялық апаттардан сақтандыру туралы мәселені Үкімет алдында көтеру;
4. АМӨЗ зауытының СҚА ұлғайту және СҚА ұлғайту нәтижесі бойынша көшіру үшін үйлердің тізбесін жаңарту;
5. КЕГОК-қа тәуелсіз КУС-тан баламалы электр беру желісін пайдалануға енгізу мерзімдерін қысқартуды бақылау және нұсқау беру;
6. АМӨЗ-мен және басқа компаниялармен бірлесіп, кәсіпорындарды ТЖ-дан хабардар ету схемасын әзірлеу;

Облыстық қоғамдық кеңеске ұсынымдар:

1. Ұсыныстардың іске асырылуын бақылауға алу;
2. ұсыныстар орындалуы туралы халықты хабардар ету;
3. Апат нәтижелері бойынша комиссия жұмысының нәтижелерін тыңдау және халықты хабардар ету;
4. Облыстық Қоғамдық кеңес жанындағы экология жөніндегі комиссия АМӨЗ мен басқа да компанияларды экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тыңдап, нәтижелері бойынша халық алдында есеп берсін.

Экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелер жөніндегі комиссияның төрағасы;



Ш.О.Изтелеуова

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИТОГАМ ВСТРЕЧИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОБЛАСТНОГО ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА И НПО С ГЕНЕРАЛЬНЫМ ДИРЕКТОРОМ АНПЗ

Для КМГ и АНПЗ:

1. Разработать программу безопасности жителей г. Атырау заводом АНПЗ;
2. Обсудить программу безопасности с населением г. Атырау;
3. Профинансировать реализацию программы безопасности;
4. Разработать управление рисками заводом АНПЗ, если есть, то презентовать населению г. Атырау. Включить в управление рисками возможные риски и компенсацию за них для населения г. Атырау;
5. Профинансировать изучение влияния аварийного выброса на здоровье населения г. Атырау, особенно близлежащих домов и компенсировать населению нанесенный вред здоровью;
6. Профинансировать комплексное исследования атмосферного воздуха г. Атырау и обеспечить доступ к данной информации;
7. Профинансировать изучение влияния завода на здоровье населения г. Атырау в результате деятельности предприятия;
8. На основе данных исследований провести анализ и разработать план экологической добровольной компенсации населению г. Атырау;
9. Совместно с областным акиматом, департаментом экологии разработать онлайн карту загрязнителей доступную для населения г. Атырау;
10. Изучить вопрос увеличения СЗЗ в связи с произошедшей аварией;
11. Создать при заводе независимый общественный экологический совет, который будет проводить независимый контроль за деятельностью предприятия;
12. Ускорить введение в эксплуатацию альтернативной электролинии, независимой от КЕГОК;
13. Проводить ежеквартальный отчет о деятельности завода по исполнению данных рекомендаций и ранее взятых обязательств по улучшению экологической ситуации;
14. Совместно с ЧС разработать схему оповещения при аварийных ситуациях на АНПЗ;

Атыраускому акимату, Министерству ЭГПР, другим контролирующим органам, депутатам:

1. В комиссию по расследованию результатов аварии на заводе АНПЗ, для обеспечения достоверности и прозрачности, включить представителей общественности и членов комиссии по экологии при областном общественном совете;
2. Создать до конца 2022 г совместно с АНПЗ онлайн карту загрязнителей г. Атырау и Атырауской области. Привлечь к созданию данной карты другие крупные компании;
3. Поднять перед Правительством вопрос о страховании от ЧС и экологических бедствий всех жителей г. Атырау и Атырауской области;
4. Увеличить СЗЗ завода АНПЗ и по результатам увеличения СЗЗ обновить перечень домов для переселения;
5. Проконтролировать и дать указание сокращения сроков введения в эксплуатацию альтернативной линии электропередачи от КУС независимой от КЕГОК;
6. Разработать совместно с АНПЗ и другими компаниями схему оповещения от ЧС предприятий;

Областному общественному совету:

1. Взять под контроль реализацию рекомендаций;
2. Информировать общественность о выполнении рекомендаций.
3. Заслушать результаты работы комиссии по результатам аварии и информировать общественность;
4. Комиссии по экологии при областном общественном совете заслушивать АНПЗ и другие компании по вопросам обеспечения экологической безопасности и по результатам давать отчет перед населением.

**Председатель комиссия
по экологии, природопользованию
и аграрным вопросам;**



Ш. О. Изтелеуова

